

«Қарағанды облысының
экономика басқармасы»
ММ басшысының
2022 жылғы «14» 10
№ 19 бұйрығына қосымша

«Қарағанды облысы Әділет департаменті» ММ
20 22 ж. «08» 11
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА
мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді
БСН 970540001235
Алғашқы тіркелген күні 1995 ж. «22» 05



Қарағанды облысы білім басқармасының
Абай ауданы білім бөлімінің
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) осы Жарғыда көрсетілген тиісті функцияларды жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне не коммерциялық емес ұйым болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мемлекеттік мекеме Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы №01/01 «Қарағанды облысының білім бөлімдері мен білім беру ұйымдарын қайта атау туралы» қаулысымен құрылған.
4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.
5. Мемлекеттік мекеменің басқару органы Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.
6. Мемлекеттік (қазақ) тілдегі мемлекеттік мекеменің атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Школа-гимназия имени Ахмета Байтурсынұлы» отдела образования Абайского района управления образования Карагандинской области.
7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 100100 Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қаласы, 2 ықшам ауданы, 35А ғимарат.

2 тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің дербес балансы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлері болады.
9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
10. Мемлекеттік мекеме өзінің қарауындағы ақшамен өз міндеттемелері бойынша жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» ММ тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.
11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру арқылы негізгі, орта және жалпы орта білім берудің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мемлекеттік мекеме қызметінің мәні болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты:

1) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға, қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамытуға жағдай жасау арқылы интеллектті байыту;

3) азаматтыққа және патриоттыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін, тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ және Қазақстан Республикасының басқа да халықтарының тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік, орыс, шет (ағылшын, немес) және басқа да тілдерді меңгеру;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

8) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

9) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

10) Ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау.

14. Өз мақсаттарына жету үшін мемлекеттік мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) азаматтардың тегін орта білім алуға Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген жалпыға міндетті білім беру стандарттарын іске асыру;

2) жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік мекеме дамыта оқытудың жаңа мазмұнын, оны енгізу бойынша нысандар мен әдістерді іздестіруді, әзірлеуді, эксперименттік оқу жоспарларын, бағдарламалар мен факультативтік курстарды сынақтан өткізуді жүзеге асырады;

4) ерекше білім беруді қажет ететіндер үшін арнайы жағдайлар жасау;

5) мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқыту

ысандарын, құралдары мен әдістерін, сондай-ақ оқу-тәрбие процесін, ғылыми-педагогикалық қызметті ұйымдастыру тәртібін дербес тандайды;

6) мемлекеттік мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың құрылуына және олардың қызметіне жол берілмейді;

7) оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізінде әзірленген және жалпыға міндетті негізгі және қосымша бағдарламаларды игеруді іске асыратын оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің бағдарламалары мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің Типтік бағдарламаларына негізделеді;

8) мемлекеттік мекеме неғұрлым қабілетті және дайындалған оқушыларға жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын сапалы меңгеру үшін оңтайлы жағдайлар жасайды;

9) мемлекеттік мекеме базасында ғылыми-әдістемелік ұсынымдарды, оқу-тәрбие мекемелерінің жаңа үлгідегі модельдерін, оқу қызметін ұйымдастырудың құрылымы, мазмұны мен нысандарын тәжірибелік тексеру жүзеге асырылады;

10) мемлекеттік мекемедегі гимназиялық компонент гуманитарлық, лингвистикалық, эстетикалық, сондай-ақ көп бейінді бағыттар бойынша іске асырылады және қамтамасыз етіледі:

- оқыту бейіндерін жеке тандау, жеке даму бағдарламасы, оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын пайдалану;

- мемлекеттік мекеменің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жаңа оқу бағдарламаларын, бейіндік пәндерді енгізу арқылы;

11) мемлекеттік мекемеге әр сыныпқа 4 сағат есебінен факультативтерге және оқушыларды тандау бойынша қосымша курстар ұйымдастыруға, сондай-ақ үйірмелерді, студияларды, ғылыми қоғамдарды және басқаларды ұйымдастыру үшін, сондай-ақ біліктілігі жоғары мамандармен шарттық негізде жекелеген курстар мен дәрістерді төлеу үшін жылына 1500 сағат есебінен сонымен қатар әр сыныпқа 0,25 мұғалім ставкасы есебінен қаражат бөлінуі мүмкін. Тандау бойынша факультативтік сабақтар мен курстар топтарда оларда кемінде 10 адам болған кезде өткізіледі;

12) мемлекеттік мекемеде оқыту мемлекеттік (қазақ) және орыс тілдерінде жүргізіледі;

13) оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлігі қамтамасыз етіледі:

- жеке тандау, жеке даму бағдарламасы, оқытудың инновациялық технологияларын қолдану;

- мемлекеттік мекеменің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жаңа оқу бағдарламаларын, дамытушы пәндерді енгізу арқылы;

- жеке тұлғаның жалпы мәдени дамуына ықпал ететін, дүниетаным мен гуманистік сананы қалыптастыратын, шындықты білудің әмбебап тәсілдерін игеруге, білім алушылардың ақыл-ой қызметін дамытуға бағытталған пәндер мен курстарды енгізу;

14) мемлекеттік мекеменің құрылымы:

- әкімшілік (директор және оның орынбасарлары);

- әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес, қамқоршылық кеңес, жалпы мектептік ата-аналар комитеті, сыныптық ата-аналар комитеттері, пәндік әдістемелік бірлестіктер;

- сынып, топ-мемлекеттік мекеменің негізгі құрылымдық бірлігі;

15) білім деңгейлері:

- бастауыш білім беру (1-4 сыныптар) негізгі стратегиялық бағыт-бастауыш сынып оқушысының жеке қабілеттерін ашуға, қызметтің негізгі салаларында бастапқы бағдарлауды және оқудың оң уәждемесі негізінде шығармашылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, балалардың психофизикалық, интеллектуалдық және музыкалық дамуына жағдай жасауға мүмкіндік беретін дамытушылық оқыту. Оқу бағдарламасын игеру мерзімі-4 жыл;

- негізгі орта білім (5 - 9 сыныптар) білім беру мазмұнын жанартуға бағытталған базалық әмбебап білім беруді қамтамасыз етеді, неғұрлым күрделі танымдық процестерге көшу үшін арнайы дағдылар мен біліктілікті қалыптастырады; жалпы дамытушы және арнайы курстарды таңдауды қамтамасыз етеді, оқушылардың жеке оқыту жүйесін құруға мүмкіндік жасайды. Азаматтыққа және патриоттық сезімге, өз Отанына - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді құрметтеуге, кез келген конституцияға қарсы және қоғамға қарсы көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу. Білім алушылардың кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ету. Негізгі орта білім жалпы орта білім алу үшін негіз болып табылады. Әр пәннің мазмұнын зерттеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - 5 жыл;

- жалпы орта білім (10-11 сыныптар) білім алушының танымына және шығармашылық қабілеттеріне қызығушылықты дамытуды, оқытуды саралау негізінде дербес оқу іс – әрекетінің дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Міндетті пәндерден басқа жеке тұлғаның мүдделерін, қабілеттері мен мүмкіндіктерін іске асыру мақсатында білім алушылардың өздері таңдаған пәндер, яғни гуманитарлық немесе жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша бейіндік оқыту енгізіледі. Жалпы орта білім бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік (қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша) және жоғары кәсіптік білім алу үшін негіз болып табылады. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі-2 жыл;

16) сыныптар тізбесі мемлекеттік білім беру стандартында айқындалған пәндерді зерделеу кезінде саны кемінде 20 оқушы болған кезде 2 кіші топқа бөлінуі мүмкін. Таңдау бойынша факультативтік сабақтар мен курстар топтарда оларда кемінде 12 адам болған кезде өткізіледі;

17) мемлекеттік мекеме денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындыға сәйкес оқушылармен үйде сабақ өткізуді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулықтарына сәйкес аптасына оқу сағаттарының саны бөлінеді, кесте жасалады, мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен педагогтердің дербес құрамы айқындалады, өткізілген сабақтар журналы жүргізіледі. Ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер үйде сабақ өткізу үшін жағдай жасауға міндетті;

18) тиісті контингентті көрсете отырып, жинақталған сыныптар Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің келісіледі. Сыныптар жиынтығын қалыптастыруға мемлекеттік мекеменің директоры дербес жауапты болады. Сыныптардағы оқушылардың саны тікелей мемлекеттік мекемеге бөлінетін бюджет қаражатын ескере отырып, санитариялық нормативтер сақталған жағдайда қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес белгіленеді;

19) оқу сабақтары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен басталады және аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы, оның ішінде оқу апталары мен каникулдар саны білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне сәйкес айқындалады;

20) мемлекеттік мекемеде келесі жұмыс және сабақ режимі белгіленуі мүмкін: бірінші ауысымда сабақтың басталуы – 8:00 (8:30 немесе 9:00) сағат, екінші ауысымда – 13:30 (14:00) сағат. Сабақ кестесін мемлекеттік мекеменің директоры не оны алмастыратын адам бекітеді. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы мен реттілігі, сондай-ақ сабақтар арасындағы өзгерістердің ұзақтығы көрсетіледі. Мемлекеттік мекемедегі сабақ кестесінің мәселелері қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен реттеледі. Сабақ кестесі уәкілетті органдар және (немесе) лауазымды адамдар белгілеген шектеу шараларына негізделген эпидемиологиялық жағдайға сәйкес өзгеруі мүмкін;

21) сабақтар арасындағы өзгерістер кезеңінде мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің асханасында жүзеге асырылатын білім алушылардың тамақтануын ұйымдастырады;

22) мемлекеттік мекемедегі тәртіп білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің адами қадір-қасиетін құрметтеу негізінде сақталады. Білім алушыларға қатысты физикалық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді;

23) оқу-тәрбие процесін жүргізуге қолайлы жағдайлар жасау, оқушылардың сырқаттану профилактикасы, алдын алу және азайту, санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау, емдеу іс-шараларын жүргізу, медициналық қарап-тексеруден өту мақсатында мемлекеттік мекеме білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен (емханамен) шарт жасасады, оның ішінде мемлекеттік мекеменің әкімшілігі мен педагогикалық персоналы білім алушылардың денсаулығы мен дене дамуы үшін жауапты болады;

24) мемлекеттік мекеменің директоры ата-аналар комитетімен, қамқоршылық кеңеспен келісім бойынша мектеп формасын мемлекеттік мекемеде белгіленген тиісті стильде және оны кию тәртібімен бекітеді;

25) міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған жалпы талаптарға сәйкес келуге тиіс;

26) инклюзивті білім берудің мақсаттарын іске асыра отырып, мемлекеттік мекеме ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім алу, дамудың

бұзылуын түзету және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімделу үшін арнайы жағдайлар жасайды. Мемлекеттік мекемеде ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды үлгілік оқу бағдарламасы бойынша (екі баладан аспайтын), оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша және (немесе) арнаулы оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша дамуындағы бұзушылықтар түрлері бойынша арнаулы сыныптарда оқыту көзделген. Жалпы және (немесе) арнайы сыныптарда оқытын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы педагогтар (дефектолог-мұғалім, логопед-мұғалім, логопед) түзету сабақтарын өткізеді. Мемлекеттік мекемеде логопункт өз жұмысын тұрақты негізде жүзеге асыра алады. Логопунктің ашылуы Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бұйрығымен рәсімделеді;

27) мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандартында айқындалатын құжаттар тізбесіне сәйкес жүргізіледі. Сыныптан сыныпқа ауыстыру үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүргізіледі;

28) білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі;

29) қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен түлектерге мемлекеттік мекеменің мөрімен куәландырылған тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі;

30) он алты жасқа дейінгі білім алушыларды алып тастауға ерекше жағдайларда Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» ММ шешімі бойынша құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін, мемлекеттік мекеменің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін, құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін, мемлекеттік мекеменің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін жол беріледі;

31) жалпы білім беру процесіне қатысушылар: білім алушылар, педагогтер, ата-аналар немесе білім алушылардың өзге де заңды өкілдері болып табылады;

32) білім алушылар құқылы:

- тегін жалпы орта білім алуға;
- әр түрлі қызмет түрлеріндегі ерекше жетістіктері үшін көтермелеуге;
- медициналық қызметке;
- кітапхана қорын тегін пайдалану;
- қосымша (ақылы) білім беру қызметтерін алуға;
- мемлекеттік мекемені басқаруға қатысуға;
- адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, ар-ождан мен ақпарат бостандығына, өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

33) білім алушылар міндетті:

- мемлекеттік мекеменің жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін орындау;

- адал оқып, мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарау;
 - мемлекеттік мекеменің басқа білім алушылары мен қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
 - мемлекеттік мекеме белгілеген мектеп формасын кию;
- 34) ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқығы бар:
- білім алушының қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік мекеме ұсынатын мүмкіндіктер шеңберінде оқыту нысанын таңдау;
 - қамқоршылық кеңес немесе ата-аналар комитеті арқылы мемлекеттік мекемені басқару органдарының жұмысына қатысу;
 - білім алушының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алу;
 - білім алушыны оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек алу;
- 35) ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер міндетті:
- білім алушының өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау, зияткерлік және дене дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз ету;
 - білім алушының мектепалды даярлығын қамтамасыз ету;
 - мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалған ережелердің орындалуын қамтамасыз ету;
 - мемлекеттік мекемеде білім алушының сабаққа қатысуын қамтамасыз ету;
 - білім алушының мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарауын қамтамасыз ету;
 - мемлекеттік мекемеде белгіленген тиісті стильде және оны кию тәртібімен мектеп формасына қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;
 - ішкі тәртіп ережелерінің орындалуын, мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауды қамтамасыз ету;
 - зиян келтірілген жағдайда мемлекеттік мекеменің мүлкін толық қалпына келтіруді немесе өтеуді қамтамасыз ету;
 - сабақтан тыс уақытта, оның ішінде демалыс уақытта білім алушының бос уақытын, жұмыспен қамтылуын және тәрбиесін ұйымдастыруға толық жауапты болуға;
- 36) мемлекеттік мекемені басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогикалық кеңес алқалық басқару нысаны болып табылады;
- 37) мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады;
- 38) директор жауап береді:
- мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің біліктілік деңгейі, оқу жоспарына және оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру, білім алушылардың білім беру сапасы, өмірі мен денсаулығы, білім алушылар мен мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтау үшін;
 - лауазымдық нұсқаулықта белгіленген нормативтік актілерді, мемлекеттік мекеменің басқару органдарының бұйрықтарын, лауазымдық міндеттерді дәлелсіз

себептермен орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін;

- білім алушының жеке басына физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықпен байланысты тәрбиелеу әдістерін қолданғаны, оның ішінде бір мәрте қолданғаны, сондай-ақ өзге де әдепсіз теріс қылық жасағаны үшін директор еңбек заңнамасына сәйкес атқаратын лауазымынан босатылуы мүмкін;

- өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау ережелерін, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың санитарлық-гигиеналық ережелерін бұзғаны үшін директор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады;

- мемлекеттік мекеменің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында көзделген іс-шараларды іске асырады;

39) педагогикалық қызметпен айналысуға тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар қабылданады. Жұмысқа келесі адамдар қабылданбайды:

- медициналық қарсы көрсетілімдері бар;

- психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрғандар. Жыл сайын жылына бір рет, оқу жылының басында педагог психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрмайтындығын кез келген заңды тәсілмен растайды;

- соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығы;

- Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылғандар;

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде;

40) жұмысқа қабылдау кезінде директор азаматтық қызметшінің тиісті бос лауазымдарына орналасуға қойылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алады. Тиісті білімсіз педагогикалық қызметпен айналысуға жол берілмейді. Педагогикалық лауазымдар бойынша азаматтарды қабылдау тәртібін бұзғаны үшін директор дербес жауапты болады. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері тиісті лауазымға немесе қызмет түріне арналған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады;

41) мемлекеттік мекемені басқару нысандарының бірі педагогикалық кеңес болып табылады. Педагогикалық кеңестің құрамына: директор (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Мемлекеттік білім беру мекемесінің педагогикалық кеңесінің отырыстарына ата-аналар комитетінің немесе қамқоршылық кеңестің мүшелері шақырылады. Педагогикалық кеңестің құрамы директордың оқу жылына арналған бұйрығымен бекітіледі. Педагогикалық кеңес өз құрамынан хатшыны бір жыл мерзімге сайлайды;

42) педагогикалық кеңес қарастырады:

- мемлекеттік мекемеде құқықтық актілерді орындау бойынша іс-шаралар;

- оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстың жай-күйі, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелері, оқытудың жаңа технологияларын енгізу;

- оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мәселелері;

- қорытынды аттестаттауды өткізу, білім алушыларды емтихандарға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтихандардан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайта курсқа қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағаздарымен марапаттау, негізгі орта білім беруді үздік бітіргені туралы аттестаттарды, негізгі орта білім беруді аяқтағаны туралы аттестаттарды, белгіленген үлгідегі анықтамаларды беру мәселелері;

- оқу жүктемесін бөлу, алдын ала тарифтеу, аттестаттауға дайындау, педагогтерді марапаттау және көтермелеу мәселелері;

43) педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін жоспарға сәйкес жүргізіледі, педагогикалық кеңестің отырысында қаралады және мемлекеттік мекеменің директоры бекітеді. Педагогикалық кеңес жылына кемінде бес рет жиналады.

15. Мемлекеттік мекеме осы жарғыда бекітілген қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ оның қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін мәмілелер жасауға құқылы емес.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен белгілі бір шектелген қызмет мақсаттарына қайшы не оның директорының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәміле: Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» ММ, Қарағанды облысы әкімдігінің, прокурордың талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

17. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

18. «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеменің жарғысын (ережесін) бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

«Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

2) «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ келісімі бойынша мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

3) өзіне осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемені қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, оларды қалыптастыру тәртібін және өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды;
- 4) мемлекеттік мекеме директорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;
- 6) мемлекеттік мекеменің даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
- 7) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 8) мемлекеттік мекеме директорының ұсынуы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 9) өзіне осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекеменің директорын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тағайындау қағидаларына сәйкес Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Мемлекеттік мекеменің директоры мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

21. Мемлекеттік мекеменің директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

22. Мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік мекеме директорының іс-әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

23. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің директоры:

- 1) мемлекеттік мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхат береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлерін көтермелеу шараларын қолданады және оларға тәртіптік жаза қолданады;

10) өз орынбасарларының және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерінің шеңберін айқындайды;

11) оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және Қарағанды облысы білім басқармасының «Абай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

24. Мемлекеттік мекеменің мүлкін заңды тұлғаның активтері құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі. Мемлекеттік мекеменің мүлкі:

1) меншік иесі оған берген мүлікті;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлікті (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден тұрады.

25. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметі Қарағанды облысының бюджетінен қаржыландырылады.

27. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептілікті ұсынады.

28. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және түгендеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6 тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

29. Мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі қағидаларында белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

30. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы шешімді қабылдаған құрылтайшының немесе органның шешімі бойынша жүргізіледі және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8 тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

31. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру тарату Қарағанды облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

32. Мемлекеттік мекеме заңнамалық актілерде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

33. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесімен «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісім бойынша жүзеге асырады.


34. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

35. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін сату нәтижесінде алынған, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

9 тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

36. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Қарағанды облысы білім басқармасының
Абай ауданының білім бөлімінің
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
директоры



(қолы) Л.П. Мухутдинова

Приложение
к приказу руководителя
ГУ «Управление экономики
Карагандинской области»
от 14 октября 2022 года
№ 189

УТВЕРЖДЕН
приказом руководителя
ГУ «Управление экономики
Карагандинской области»
от 8 января 2021 года №3



УСТАВ
коммунального государственного учреждения
«Школа-гимназия имени Ахмета Байтурсынулы»
отдела образования Абайского района
управления образования Карагандинской области

Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Школа-гимназия имени Ахмета Байтурсынулы» отдела образования Абайского района управления образования Карагандинской области (далее - государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления соответствующих функций, указанных в настоящем уставе.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение создано постановлением акимата Карагандинской области от 5 января 2021 года №01/01 «О переименовании отделов и организаций образования Карагандинской области».

4. Учредителем государственного учреждения является акимат Карагандинской области.

5. Органом осуществляющим управление государственным учреждением является государственное учреждение «Отдел образования Абайского района» управления образования Карагандинской области.

6. Наименование государственного учреждения на государственном (казахском) языке: Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

на русском языке: коммунальное государственное учреждение «Школа-гимназия имени Ахмета Байтурсынулы» отдела образования Абайского района управления образования Карагандинской области.

7. Место расположения государственного учреждения: 100100 Карагандинская область, Абайский район, город Абай, 2 микрорайон, здание 35А.

Глава 2. Юридический статус государственного учреждения

8. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или ГУ «Отдел образования Абайского района» управления образования Карагандинской области средствами соответствующего бюджета.

11. Гражданско-правовые сделки государственного учреждения вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

Глава 3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения

